

## Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының Декларациясы

Декларация Санкт-Петербург қаласы 2002 жылғы 16 маусым.

Бүгін біз, Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы мемлекеттерінің басшылары Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ немесе Ұйым) негізгі жарғылық құжаты - Хартияға салтанатты жағдайда қол қойдық. Бұл оқиға құрылғанын біз 2001 жылғы маусымда Шанхайда жария еткен жаңа халықаралық бірлестік үшін құқықтық іргетастың қаланғанын білдіреді.

Біз ШЫҰ-ны құру аймақтағы және әлемдегі нақты жағдайға сай келеді, сондай-ақ алты ел халықтарының түбегейлі мүдделеріне жауап береді деп санаймыз.

### I

ШЫҰ әскери саладағы сенім шаралары және қару-жарақты қысқарту туралы Азия құрлығы үшін жаңашыл екі келісімнің негізінде туындаған "Шанхай бестігінің" мұрагері болып табылады.

ШЫҰ мүше мемлекеттер арасындағы өзара сенімді, достық пен тату көршілікті өркендету, аймақтағы бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау және нығайту, жаңа сынақтар мен қатерлерге бірлесіп қарсы тұру, түрлі салалардағы тиімді де өзара қолайлы ынтымақтастықты ынталандыру, Ұйымға мүше мемлекеттердің экономикалық өсуіне, әлеуметтік және мәдени дамуына жәрдемдесу ісінде жан-жақты ықпалдастықты күшейту мақсатында құрылған.

ШЫҰ барлық мүше мемлекеттердің егемендігін, тәуелсіздігін өзара құрметтеу, аумақтық тұтастық және шекараларының мызғымастығы, ішкі істерге қол сұқпаушылық, күш немесе күш қаупін қолданбау, теңдік үрдістеріне негізделеді.

### II

Ұйымның тиімді қызмет істеуін қамтамасыз етуге тиісті барлық ШЫҰ тетіктерін тезірек жұмыс істетуге ШЫҰ Хартиясын және ШЫҰ-ның Аймақтық антитеррорлық құрылымы (ААТҚ) туралы келісімді ресімдеуді тезірек жүзеге асыру жәрдемдесетін болары.

ШЫҰ-ның ұлттық үйлестірушілеріне, ШЫҰ Хартиясының күшіне енуіне байланысты ішкі мемлекеттік барлық ресімдердің орындалуын күтпестен, Ұйым органдарының жұмыс тәртібін және оның қызметінің басқа жақтарын реттейтін келісім-шарттық және нормативтік құжаттар кешенін әзірлеуге кірісу тапсырылады.

ШЫҰ аясында Терроризмге, сепаратизм мен экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын Z020316\_ іске асыру үшін, есірткі мен қару-жарақтың заңсыз айналымын, трансұлттық сипаты бар қылмыстық әрекеттің басқа түрлерін, сондай-ақ

заңсыз көші-қонды тыю ісінде көпжақты ынтымақтастық туралы тиісті құжаттарды қабылдау үшін ықпалды қадамдар жасалатын болады.

Өзара мүдделілік туғызатын сыртқы саяси мәселелер бойынша, соның ішінде БҰҰ-ны қоса алғанда халықаралық ұйымдар мен форумдар аясында өзара хабардар ету тетігін жасау мен ортақ көзқарастарды іздестірудің өзекті мәні бар.

Біз ұйымдық мәселелер шешілумен қатарласа мүше мемлекеттердің түрлі салаларда нақтылы ықпалдасуының дамуы мен институттарының құрылу процесі жүріп жатқанын қанағатпен атап көрсетеміз. Біз ШЫҰ елдері үкімет басшыларының 2001 жылғы 14 қыркүйекте Алматыда өткен және сыртқы істер министрлерінің 2002 жылғы 7 қаңтарда Пекинде және 2002 жылғы 26 сәуірде Мәскеуде болған кеңестерінің қорытындыларын жоғары бағалаймыз, қорғаныс, сыртқы саясат және шекара ведомстволары, "Бішкек тобы" аясында құқық қорғау органдары мен арнаулы қызмет жетекшілері, мәдениет министрліктері, төтенше жағдай жөніндегі қызметтер және басқа үкіметтік құрылымдар арасында байланыстардың дамуын қолдаймыз. Біз ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық саласының өскелеңдікпен кеңеюін жалғастыруға уағдаластық.

Біз ШЫҰ қызметінде экономикалық әріптестікті дамыту айрықша маңызды міндет болып табылады деп санаймыз. Осы мақсатта сауда мен ынтымақтастықты, 2001 жылғы 14 қыркүйектегі ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер үкіметтерінің арасындағы меморандумға P011192\_ сәйкес Көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді бағдарламасын талдап жасау үшін қолайлы жағдай туғызу мәселелері бойынша келіссөз процесі жандандырылатын болады. Таяудағы уақытта көлік коммуникациялары мен энергетика ресурстары (су пайдалану) құрылысы, энергия ресурстарын өндіру мен тасымалдау секілді салаларда, сондай-ақ өзара мүдделестік туғызатын басқа салаларда нақты ықпалдасу үшін басым жобаларды анықтау қажет.

### III

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер өз қатынастарын қалыптасып келе жатқан көпкіндікті халықаралық қатынастар жүйесінің аясында құрады, ХХІ ғасырда дүние тәртібі түйінді мәселелерді ұжымдаса шешудің тетіктеріне, құқық үстемдігіне және халықаралық қатынастарды дәйектілікпен демократияландыруға арқа сүйеуі қажет деп біледі.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер этносаралық, конфессияаралық, аумақтық, саяси және басқа қарама-қайшылықтарға байланысты халықаралық жанжалдардың алдын алу және оларды бейбіт реттеу жөнінде БҰҰ Жарғысына және халықаралық құқық нормаларына қатал сәйкестікте күш-жігер жұмсайтын болады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер жаһандасу процесінің сынақтарына жауап іздеу, оның келеңсіз жақтары мен мүмкін болатын тәуекелдерін бейтараптандыру, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамудың саналуан кейіптерін сақтау барысында өздерінің арасында және басқа елдермен ынтымақтастықты ұлғайта береді. Жаһандасу және мемлекеттердің ұлттық мүдделері - даму үстіндегі дүние болмысының өзара жоққа

шығаратын емес, қайта өзара толықтыратын құрылымдық элементтері. Халықаралық қауымдастық өзара сенім, өзара тиімділік, теңдік және ықпалдастық үрдістеріне негізделіп, қауіпсіздікті шайқайтын факторларды түбегейлі әлсіретуге және жаңа қатер көздерін жоюға жәрдемдесетін жаңа тұрпатты қауіпсіздік тұжырымдамасын талдап ж а с а у ғ а з ә р у .

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер терроризмге, сепаратизм мен экстремизмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың, сондай-ақ қару-жарақтың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастықты жандандыруға бекем бел буған. Олар бұл құбылыстарды трансұлттық қатерлер ретінде қарастырады, бұларға қарсы тиімді әрекет халықаралық қауымдастықтың ұжымдық күш-жігерімен ғ а н а ұ й ы м д а с т ы р ы л а а л а д ы .

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер терроризмнің барлық актілерін, әдістері мен практикасын үзілді-кесілді теріске шығарады. Терроризмге қарсы күрес халықаралық құқық нормалары негізінде жүргізіліп, қандай да бір дінге, жекелеген елдер мен ұлттарға қарсы күреске баланбауы керек, біржақтылықтан және "екі жақты қалыптан" а д а б о л у ы к е р е к .

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің орталық үйлестіруші рөлі жағдайында жаңа қатерлер мен сынақтарға қарсы тұрудың жаһандық жүйесін құру қажет деп санайды, ол ықпалдастықтың, соның ішінде туындайтын қатерлерді ертерек ескеру және алдын алу, олардың көріністеріне бекемдікпен және барабар әрекет таныту жөніндегі ықпалдастықтың көпқырлы сәйкес тетіктерін қамти алар еді. Осы бағытта әрекет ету үшін БҰҰ аясында антитеррорлық қызметтің үрдістерін, сондай-ақ айқын, барша үшін міндетті халықаралық құқықтық базасын тұжырымдаудың айрықша маңызы бар, бұл олардың мазмұнын екі жақты түсіндіруге себеп бермей, өзге елдердің ісіне қол сұғудың және олардың егемендігін шектеудің сылтауы болмас еді.

2001 жылғы 15 маусымдағы Терроризмге, сепаратизм мен экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы, сондай-ақ 2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Аймақтық антитеррорлық құрылым туралы келісім осынау күш-жігерге қосылған сүбелі үлес болып табылады. Осылайша терроризмге, сепаратизм мен экстремизмге қарсы күресте аймақтық деңгейде нақты ықпалдасуды жолға қоюдың айқын құқықтық шеңбері жасалуда.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер антитеррорлық жаһандық күрестің маңызды бағыты терроризмді әлеуметтік тірегінен ада ету, соның ішінде қайыршылықты, жұмыссыздықты, сауатсыздықты, нәсілдік, этностық және діни белгілері бойынша кемсітушілікті жою болуы керектігіне сенімді.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер терроризм, сепаратизм мен экстремизм көріністерін жою жөніндегі бір-бірінің күш-жігеріне, сондай-ақ халықаралық қауымдастықтың террорлық қызметті қаржыландыру арналарын жабуға бағытталған қадамдарына қолдау білдіреді, өз аумақтарында терроризм актілерінің әзірленуі мен

қаржыландырылуына жол бермеу жөніндегі өздерінің күш-жігерлерін ұлғайтып, террористерге баспана беруден бас тартатын болады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер халықаралық істерде БҰҰ рөлін күшейтуге, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудың басты жауакершілігін арқалайтын БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тиімділігі мен беделін одан әрі арттыруға деген өз ниеттерін қуаттайды.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер ядролық таратпаудың халықаралық режимін сақтау Азияда, сонымен бірге жаһандық ауқымда бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бір элементі болып табылады деп санайды. Барлық елдердің Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа тезірек қосылуы, сондай-ақ Ядролық сынақтарды жан-жақты тыю туралы шартқа Z010270\_ қол қойып, бекітпеген мемлекеттердің соларды істеуі түрлі деңгейдегі стратегиялық тұрақтылықты нығайтуға жәрдемдесетін болады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер ядролық қарудан ада аймақтар құруға, соның ішінде Орталық Азияда ядролық қарудан ада аймақ құру жөніндегі Өзбекстан Республикасының бастамасына қолдау білдіреді.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Моңғолияның ядролық қарусыз мәртебесіне құрметі мен қолдауын атап көрсетеді.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер стратегиялық шабуыл қаруларын одан әрі көптеп қысқартуға қатысты Ресей-американ жаңа шартының жасасылуына құрметпен қайырылады және мұны ядролық қаруды қысқарту ісіне қосылған оңды үлес ретінде бағалайды.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер ғарышқа қару-жарақ орналастырмау туралы жан-жақты уағдаластықты әзірлеу, ғарыштық нысандарға қатысты күш немесе күш бопсасын қолданбау жөніндегі көпжақты келіссөздерді тезірек бастауға шақырады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер БҰҰ Жарғысының үрдістеріне сәйкес әрекет етуге міндеттене отырып, адамның барлық құқықтарының әмбебаптығын, ажырағысыздығын, өзара кіріптарлығы мен өзара байланыстылығын, сондай-ақ адамның құқықтары мен негізгі еркіндіктерін сақтауға деген өз міндеттемелерін қуаттайды, адам құқығын және басқа мемлекеттерді қорғау желеуімен олардың ішкі істеріне қол сұғу мәселелерінде "екі жақты қалыптар" қолданылуына қарсы шығады.

#### IV

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің басқа мемлекеттермен ынтымақтастықты жолға қоюды қоса алғанда өз қауіпсіздігін қамтамасыз етудің түрлері мен әдістерін дербес таңдауының ажырағысыз құқығы бар. Олар бұл саясатты аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздік үшін келеңсіз салдар туғызбайтындай етіп жүргізетін болады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Орталық Азияда қауіпсіздік Ауғанстандағы бейбіт процестің келешегімен тығыз байланысты деп санайды. Осыған орай олар бұл елдегі соғыстан кейінгі саяси және экономикалық қалпына келтіруге жәрдемдесу саласында

өзара ынтымақтастықты ұлғайтатын болады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер террордан, соғыстан, есірткі мен кедейшіліктен ада жаңа, тұрлаулы Ауғанстанның құрылуына тілектестік білдіріп, бұл елді мекендейтін барлық халықтардың мәдениеттері мен дәстүрлеріне деген өз құрметі туралы мәлімдейді. Олар бүкіл ауған халқының мүддесі тұрғысынан кең өкілдік танытылған үкіметтің қалыптасу процесіне жәрдемдесуге әзір.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Азия-Тынық мұхиты аймағынан бейбітшілік, тұрақтылық және бірлесе өркендеу өңірін көргісі келеді, АТА-да БҰҰ Жарғысы мен халықаралық құқық аясында әрекет етіп, барлық қатысушылардың мүдделері мен көзқарастарын бірдей дәрежеде ескеретін жалпаймақтық қауіпсіздіктің кооперативтік жүйесін құру ісінде барлық мемлекеттермен және аймақтық бірлестіктермен сындарлы ынтымақтастыққа әзір. Мұндай жүйенің қалыптасуына АСЕАН (АРФ) аймақтық форумы және басқалары секілді көпжақты ықпалдастықтың өзін танытқан тетіктерін нығайту жәрдемдесетін болады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер ҚХР үкіметі бүкіл Қытайдың атынан өкілдік танытатын бірден-бір заңды үкімет, ал Тайвань - Қытай аумағының ажырағысыз бөлігі болып табылатынын негізге алады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер екі корей мемлекетінің 2000 жылғы маусымдағы корейаралық саммиттің уағдаластығы рухында үн қатысу мен ынтымақтастықты дамыту және кеңейту жөніндегі күш-жігерін қолдап, Корей түбегінде берік бейбітшілік пен тұрақтылыққа қол жеткізілуін қамтамасыз ету үшін КХДР, АҚШ және Батыстың басқа елдерімен арада тіл қатысу мен сындарлы ынтымақтастықты өрістетуге пайдалы деп санайды.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Үндістан мен Пәкстанды, екі ел арасындағы шиеленісті аластау және ынтымақтастықты дамыту мақсатымен, саяси үн қатысуды қайтадан жандандыруға шақырады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер аймақтық және халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа келеңсіз ықпал етіп отырған Таяу Шығыстағы созылып кеткен дағдарысқа байланысты қатты алаңдаушылық білдіреді. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Израиль мен Палестинаны БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тиісті қарарларын орындауға дереу кірісуге, дүниежүзілік қауымдастық тарапынан бітімгершілік күш-жігеріне оң үндестік танытуға, дауды шешудің бейбіт жолдарын іздестіруге қайта оралуға шақырады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер дүниежүзілік қауымдастықпен бірлесіп БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің ирак мәселесі бойынша барлық тиісті қарарларының толық орындалуын қамтамасыз ету мақсатында саяси-дипломатиялық күш-жігерді жалғастыра беруге әзір.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру туралы Қазақстан Республикасының бастамасын

жоғары бағалайды және бұл форум, Азияда бұрыннан бар құрылымдармен және тетіктермен қатар, азиялық елдер арасында сенім шараларының деңгейін арттыруда және көпжақты ынтымақтастықты дамытуда маңызды рөл атқарады деп санайды.

V

Біз ШЫҰ блок немесе тұйықталған альянс болып табылмайтынын, жекелеген елдерге немесе мемлекеттер тобына қарсы бағытталмағанын, аймақтық және жалпы әлемдік проблемаларды шешуге деген өзара мүдделерді және ортақ көзқарастарды ескеру негізінде БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне және халықаралық құқық нормаларына сәйкес өзге мемлекеттермен және халықаралық бірлестіктермен кең ынтымақтастыққа ашық екенін қуаттаймыз.

Қ а з а қ с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*

Қ ы т а й  
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Төрағасы*

Қ ы р ғ ы з  
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*

Р е с е й  
Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң

*Президенті*

Т ә ж і к с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*

Ө з б е к с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*

М а м а н д а р :  
Қ а с ы м б е к о в                    Б . А .

Икебаева Ә.Ж.